

СЕМИОСФЕРА

Ойшыл қамыс

1-тарау. Мәдениет және жарылыс





Мәдениет мәселесін оның мәдениеттен тыс кеңістіктегі орнын анықтамайынша шешу мүмкін емес. Бұл мәселені былай тұжырымдауға болады: мәдени болмыс ретінде адамның өзіне тән ерекшелігі оның әлеміне мәдениеттен тыс кеңістік ретінде ұғынылатын табиғатты қарсы қоюды қажет етеді. Осы екі әлемнің арасындағы шекара адамды мәдениеттен тыс басқа болмыстан бөліп қана қоймай, сонымен қоса адам психикасы мен қызметінің ішінен де өтетін болады. Адам өзінің бір қырымен мәдениетке тиесілі болса, енді бір қырымен мәдениеттен тыс әлеммен байланысты болады. Сол сияқты жануарлар әлемін де мәдениет саласынан мүлде шеттету ағаттық болар еді. Сөйтіп, аталмыш шекара дұрыс көрінбейді, ал мәдени немесе мәдениеттен тыс салаға тиесілі әр нақты деректің анықтамасы жоғары салыстырмалылық дәрежесіне ие. Бірақ жеке бір жағдайға қатысты салыстырмалылыққа ие нәрсе абстрактылы классификация категорияларында сөйлеген кезде едәуір сезіледі. Осы түсініктеме арқылы мәдениет әлемін кейінгі пайымдардың қандай да бір объектісі ретінде бөле аламыз.

Осылайша, негізгі мәселеге, тұйық, яғни дұрыс қайталанатын қозғалыс пен сызықтық негізде бағытталған қозғалыстың арасындағы қақтығысқа кеп тірелеміз. Жануарлар әлемінде тұйық шеңбер бойынша қозғалысқа бетпе-бет келеміз: бұл әлемде күнтізбелік, жас және өзге де өзгерістер қайталанушылық заңына тәуелді. Бұл тұрғыда жануарларды және адамдарды үйрету арасындағы айырмашылық, сонымен бірге, ғалымдар көп айтатын осы процестердің параллелизмі ерекше назар аударады.

Жануарларда мінез-құлықтың маңызды формалары – үйрету мақсаты мен нысаны – маңызсыз формаларға қарсы келеді. Маңызды мінез-құлық әдеттік сипатқа ие: аң аулау, аталықтармен күресу, бастаушыны анықтау және басқа да маңызды мінез-құлық кезеңдері «дұрыс», яғни маңызы бар және өзі үшін де, өзге үшін де түсінікті қимылдар мен ымдардың күрделі жүйесі ретінде суреттеледі. Мінез-құлықтың барлық маңызды түрлері диалог сипатына ие. Екі бақталас жыртқыштың кездесуі, жануарлар мінез-құлқының «бейберекеттігі» және «бейреттігі» туралы адамның ойдан шығарып алған аңыздарына қарамастан, ақпарат алмасу үшін қолданылатын ым-ишаралы әдеттердің күрделі жүйесімен жасалады. Тұйық шеңбер бойынша қозғалыс немесе циклдік қайталанушылық – биологиялық тіршілік заңы, оған жануарлар әлемі және осы әлемнің бір бөлшегі ретінде адам бағынышты. Бірақ адам бұл әлемге толығымен тастай батып, судай сіңіп кетпейді. Ол бейне бір «ойшыл қамыс» тәрізді, қоршаған әлемнің негізгі заңдарына ежелден қарама-қайшы.

Бұл үйренудің мәніне тән айырмашылықтардан көрінеді. Атап өткендей, жануар, әдеттік мінез-құлық жүйесін үйренеді. Үстемдік ешқашан қарсылас үшін тосын әрі тың ым-шараны ойлап табу арқылы емес, қуат пен қарым, қандай да бір ымды жүзеге асыру жылдамдығы арқылы орнайды. Жануарды би қимылын жетілдіре алатын, бірақ ол биді күтпеген жерден басқа бірдеңемен алмастыра алмайтын бишімен салыстыруға болады. Оның мінез-құлқы әдетке негізделеді, ал адамның мінез-құлқы қарсыласы үшін тосын әрі тың дүниені ойлап табуға ынтық болады. Адам тұрғысынан қарайтын болсақ, жануарға ақымақтық тән, ал жануар тұрғысынан қарасақ, адамға қиянатшылдық тән. Адам өз ойында жануардың ақымақ адам тәрізді образын, ал жануар адамның қиянатшыл жануар тәрізді образын жасап алады.

Ежелгі адамның айналасында азулы тісі, тұрпайы тырнақтары бар, қашанда күші басым жыртқыштардың өріп жүргеніне қарамастан аман қалуы – адамзат тарихындағы шешімін таппаған жұмбақтардың бірі. Адамдар қару-жарақтарды қолдана білу қабілетінің арқасында ғана аман қалды деп санауға болмайды. Алғашқы қару-жарақтар жыртқыштардың азу тістері мен тырнақтарынан күшті болған жоқ. Бұған қоса, ол кездегі балалар балталар мен найзаларды қолдана алмағаны тағы бар. Эврикалық қолайлылық пен эмпирикалық ақиқатты теңестіру көптеген ғылыми мифтерді дүниеге әкелді.

Жалқы есімдер әлемі туралы мәселені түсіну үшін ең алдымен, зоосемиотика мағлұматтарына жүгінеміз. Мысық басқа да көптеген жануарлар сияқты, өз балаларының жалпы санын ажырата біледі, бірақ оларды түр-түсіне қарап ажырата алмайды. Марғаулардың жалпы санын өзгертпей, оның марғауын басқамен ауыстырып қоятын болсақ, мысық еш әбігерге түспейді. Ал жақын арада дүниеге келген марғауларды өз көзімен көрген бала оларды түсіне, денесіндегі сызықтары мен дақтарына, тіпті мінез-құлқының жеке ерекшеліктеріне қарап бірден танып қоятынына назар аударамыз. Ана-мысықтың көру қабілеті ұжымды біртұтас қып қабылдауға бейім. Аталық бұғылар табынды бастау үшін жекпе-жекке түседі, ал табын бұл жекпе-жекте



жеңіліс тапқан бұғыны барлығы бірдей есінен сызып тастайды да, жеңімпаздың артынан ереді. Бұғылар табынының бір аналығы, бәрінің көңіліне қарамастан, жеңілген бұғымен қалып қоятын көріністі елестете алмаймыз. Бұған адамның баласының мінез-құлқы қарама-қайшы келеді. Қалыптасып қалған түсінікке қарамастан, адамның жануардан түбегейлі айырмашылығы баланың бойындағы айқын дәрежеліктен анық білінгендей еш жерде көрінбейді деуге болады. Бұл жаста баланың дене бітімінен анық білінетін «айуандығы» бақылаушы адам үшін мәдени-психологиялық мінез-құлықтың өзіндік бір ерекшелігін ұмыттырып жібереді. Бала өзін жануар тәрізді ұстамаса, бұл көзге тұрпайы боп көрінеді және де оларды ешкім байқамай қалады. Негізінде, жалқы есімдерді пайдалану және онымен байланысты жеке тұлғаның дербестігін, өзгешелігін оның «өзге» мен «өзгелер» үшін құндылығының негіздері ретінде айқындау – адам табиғатының айқын белгісі. «Мен» және «өзгелер» – біртұтас сананың екі жағы болып табылады. Адам баласы – жануардың баласына қарағанда, жанға жағымды жарытылыс деп айту қиын: ол қыңырлық танытады, өтірік айтады, әдейі зиянын тигізеді, тыйымдарды бұзады. Мұның себебі – ол қандай да бір іс-әрекеттерді жасау не жасамау мүмкіндігіне ие және де өз мүмкіндіктерін іс жүзінде сынап көреді. Жамандық қылу мүмкіндігі – оны саналы түрде жасамау қабілетіне алғашқы қадам. Баланың еркелігін жануардың баласының бойынан көре алмаймыз.

Жануар баласы мен адам баласының айқын айырмашылығы бойдағы дарыннан көрінеді. Егер дарындылықты қандай да бір айрықша қызмет түрін меңгеру қабілеті деп анықтайтын болсақ, онда «дарынды» жануар біз жасайтын әрекеттерді ерекше үлгеріммен жасайды, ал баланың «жақсы» және «жаман» мінез-құлқы табиғатынан тәжірибе тәрізді. Адам баласы мен жануар баласын үйретудің арасындағы басты айырмашылық осында.

Саналы мінез-құлық таңдаусыз, яғни дербестік кезеңсіз мүмкін емес, демек, жалқы есімдерге толы кеңістіктің бар екенін тұспалдайды. Жан-жануар тілі, адам килікпесе, жалқы есімдерге ие болмайды. Дәл осы жалқы есімдер адам санасының негізінде жатқан жеке мен жалпының арасында шиеленіс тудырады. «Жеке өзі үшін» деген сөзбен «барлығына бірдей» деген жалпы сөздің арасындағы шиеленісті игерген бала сананың түбегейлі тың тетігіне енеді. Көбінесе бұл жалқы есімдер саласының басқыншылығынан білінеді: оның шектен тыс кеңею процесі пайда болады, әйтсе де қарама-қайшы жағдай орын алуы да мүмкін. Осы не басқа да процестің үнемі қысқа қайырылатын жеңісі емес, мағыналық шиеленістің өзі маңызды болып табылады. Бұл бір екпіні жылдам жаңа сөздер жасау кезеңі, өйткені жаңа ғана жасалған бірегей сөз ғана таңбаланушыдан әсте ажырамайды. «Өзіңнің» не «өзгенің» сөздерін ажырата білу баланың әлемін өз әлеміне және өзге әлемге бөліп, сананың мәдениеттің маңызды доминанты ретінде сақталатын шекарасын салады. Мағыналық шекара осылай пайда болады, ол әрі қарай әлемнің әлеуметтік, мәдени, космогониялық, этикалық құрылымында басты рөлді ойнайтын болады. Бала санасының бұл ерекшелігі өзіне тән адами сананы қалыптастыру сәті болып есептеледі. Бірқатар жандарда бұл тайға таңба басқандай анық көрінеді. Мәселен, Владимир Соловьев бала кезінде әрбір қарындашын жалқы есімдермен атаған екен. «Өзгелерге» өзінің «балаша» есімдерін қолдануға тыйым салу талабы осымен байланысты. Мұның астарында әуелі «өз» әлемінің құпияларын қорғау психологиясы жатыр. Болашақта ер жеткен жасөспірім балалық шағындағы осы бір өзіміздігі үшін ұялып, сол тыйымын балалық қой деп сылтауратуы мүмкін. Сылтау өзгеруі мүмкін, бірақ тыйым сол күйі қала береді.

Баланың жалқы есімдер саласын, оған өзінің «үйдегі» әлеміне қатысты зат есімдердің бүкіл аясын енгізе отырып, кеңейтуге деген талпынысы талай рет байқалды және мұны бала санасының айрықша айқындығы деп қарады. Алайда бұған қарама-қайшы процес те белсенділік танытуда. Мәселен, саябақта ағаштан ағашқа жүгіріп жүрген үш жасар бала маз-мейрам болып, қайыңдарды, шыршаларды, теректерді ұрғылап: «Ағаш!», – деп айқайлайды. Одан кейін сол айқайымен электр бағанасын ұрады да, ішек-сілесі қата күледі: бұл зеректік – ол бағананы ағаш деп ойлап тұрған жоқ. Бұл жалпылау қабілеті ғана емес, сонымен қоса осы қабілетті ойната білу мүмкіндігі. Мұның өзі адами санаға ғана тән процестермен байланысты. Сөзді заттан ажырата білу – адам мен қалған жануарлар әлемінің арасында шыңырау қалыптастыратын шекарасы болмақ, ал бала – осы шыңыраудың шетіндегі күзетші. Бала жаңа ғана орныққан сананың шекараларын «ересектерге» қарағанда анығырақ көруі мүмкін. Әрбір зат осы алғашқы мұғалімдер ажырата алмаған тектер мен түрлерге қарамастан әуелі ерекше атауға ие болады, ал барлық жеке тұлғалар оларға табиғат бейнесіндегідей оқшау болып көрінеді. Егер бір емен



А деп аталса, онда екінші емен Б деп аталады, өйткені екі затты көрген кезде бізде – олар бір зат емес деген түсінік қалыптасады және де олардың ортақ ерекшеліктерін анықтау үшін аз уақыт кетпейді. Сондықтан білім қаншалықты тар болса, сөздік соншалықты кең бола түседі. Осы бүкіл номенклатурамен байланысты қиындықтарды жеңіл жоя салуға келмеді, себебі тірі тіршілік иелерін жалпы және тектік белгілеріне сәйкес орналастыру қажет болды, қасиеттері мен өзгешеліктерін танып-біліп, бақылаулар мен анықтаулар, яғни табиғи тарих пен метафизика қажет болды...

Адамға тән бастапқы семиотикалық механизмдердің бірі «өзімен-өзі», зат болу әрі топтың «өкілі», көптің бірі ретінде қызмет ету мүмкіндігінен басталады. Өзгенің орнында болу, біреудің орнын алмастыру мүмкіндігі «өзіңнен өзгеше болу» дегенді білдіреді. Ақымақ/жынды деген бинарлық оппозицияны ақымақ – ақылды және ақылды – жынды деген екі қарама-қайшылықтың жалпыламасы ретінде қарастыруға да болады. Бұлар бірігіп «ақымақ – ақылды – жынды» деген бір тернарлық құрылымды құрайды. Ақымақ пен жынды мұндай құрылымда синонимдер емес, антонимдер, яғни кереғар екі жақ.

Ақымақ айналасындағы болып жатқан жағдайда тез жауап қайтара алмайды. Оның мінез-құлқын толықтай болжап білуге болады. Оған қолжетімді жалғыз белсенділік формасы – жағдай мен әрекет арасындағы дұрыс қатынастардың бұзылуы. Ақымақтың әрекеттері стереотипті, бірақ ол әрекеттерінің ретін білмейді. Мәселен, үйлену тойында еңіреп жыласа, жерлеу рәсімінде шошаңдап би билейтін әдеті бар. Ол жаңа дүние ойлап таба алмайды. Сондықтан оның қылықтары қисынсыз, бірақ толықтай болжап білуге болады. «Ақымаққа» «ақылды» қайшы келеді. Ақылдының мінез-құлқы қалыпты мінез-құлық деп саналады. Ол салт-дәстүрге, ақыл-ойына немесе практикалық тәжірибесіне сүйене отырып ойланады. Сөйтіп, оның мінез-құлқын да болжап білуге болады, ол қалыпты норма ретінде сипатталады және салт-дәстүр заңдары мен қағидаларына сай келеді.

Жүйенің үшінші элементі – ақылға қонымсыз жындының мінез-құлқы. Бұл мінез-құлықтың ерекшелігі оның иесінің тыйымдарды емін-еркін бұзып, «қалыпты» адам үшін тыйым салынған дүниелерді жасай алатынында. Бұл оның әрекеттеріне болжамсыздық дарытады. Аталмыш жойқын қасиет мінез-құлықтың ұдайы әрекет ететін жүйесі ретінде, жіті шиеленіс жағдайларында күтпеген жерден өте тиімді болып шығады.

Жануарлардың мінез-құлқындағы шиеленіс сәттерді рәсімделген, бағдарламаланған әрекеттерге жатқызамыз деп айтқан болатынбыз. Адамға жеке бастама таныту, яғни болжамды, аса тиімді деп танылған іс-қимылдар, ым-ишаралар мен әрекеттер саласынан түбегейлі жаңа, болжамсыз іс-қимылдар саласына ауысу қабілеті тән. Ұрыс, жарыс, кез келген жанжал жағдайының қатысушысы дәстүрлі нормаларды іске асыра отырып, өзін «қағидалар бойынша» ұстай алады. Бұл жағдайда жеңіске қағидаларды орындау өнерінің арқасында қол жетеді. Мұндай типтегі кейіпкер ұдайы жеңімпаз болу үшін барлығына ортақ, бірақ саны жағынан қалыптан тыс нысандағы қызмет түрін меңгеруі тиіс. Мұндай кейіпкер сұңғақ бойлы және керемет күшті болады. Қиялымыздың бағыты алыптар әлеміне қарай өрісін жаяды. Сөйтіп, осындай кейіпкердің жеңісі, атап айтқанда оның адамдарға деген үстемдігі білегіндегі күшінің басымдығымен айқындалады. Алайда әлемдік фольклорда өзге де жайттар кездеседі: әлсіздің мықтыны жеңуі. Бұл жағдай ақылды, бірақ әлсіз кейіпкердің мықты алып-ақымақты жеңуі сияқты хикаялардың тұтас бір кезеңін тудырады. Ақылды жан тапқырлығымен, зеректігімен, айлакерлігімен және қулығымен, ақыры соңында адамгершілікке жат қылығымен жеңіске жетеді.

Әрекеттердің болжамсыздығы қарсыласты оған үйреншікті жағдайлардың ықпалынан шығаратындықтан тиімді. Үйреншікті қимылымен ғана әрекет ететін ақымақ дәумен шайқаста кішкентай айлакер осы заңдылыққа жүгініп, үйреншікті мінез-құлық мәнсіз әрі тиімсіз болып шығатын жағдайды тудырады. «Есі дұрыс» адамның есі ауысқан адаммен кездесуінде де осы жағдай қайталанады. «Ақымақтың» есі дұрыс адамға қарағанда бостандығы аз, ал «жындыда» – көп. Жындының әрекеттері болжамсыз сипатты иеленіп, «есі дұрыс» қарсыласына қорғансыздық күйін кештіреді.

Ақымақтың емес, адамға жат санасы бар, адам күші жетпейтін әрекеттерге зәру жындының ессіз, ақылсыз мінез-құлқына қатысты эпизодтар – әдебиетте айтарлықтай көп кездеседі. Үйреншікті мінез-құлыққа келетін болсақ, мұндай эпизодтар қандай да бір қолжеткізу қиын



мұрат ретінде жүзеге асады. Бұл өзіндік бір қатігездік көптеген мәдени мәнмәтіндерде көңіл-дестің не суретшінің мінсіз мінез-құлқымен байланысады.

Есалаңдық ұғымы, медициналық мағынада емес, қызық болса да, қолжетімді мінез-құлықтың бәзбір типіне арналған анықтама ретінде, екі қарама-қайшы мағынада кездесуі мүмкін. Ол басқа ұғыммен – театрлылықпен де байланысты. Театрлық және бейтеатрлық мінез-құлық антитезасы ессіздің қалыптыға қарама-қайшылығын көрсететін түсіндірмелердің бірі ретінде көрініс табады. Бұл тұрғыда «театрлылық», «мінез-құлық театры» терминдерінің екі қарама-қайшы мағынада қолданыла алатынына аса мән беру қажет.

Сөйтіп, өмірдің өзі тұнып тұрған театр тұрпатына енеді. Бұл дегеніміз – суретші әдеттегі жағдайды оғаш жағдай ретінде бастан өткізуі тиіс, яғни өз көзқарасын әдеттегі өмірден тыс шекараға қондыруы міндетті. Әдеттегі жайт оғаш болып, белгілі жайт белгісіз болып көрінуі тиіс. Сол кезде ғана өмірге театр ретінде қарауға болады.

Бұдан әрі сөз ететін жағдайлар өзгеше сипатқа ие. Бұл жерде өнер саласы, кеңірек қарайтын болсақ, кез келген семиотикалық сала – табиғилыққа қарама-қайшы құбылыс ретінде қаралады. Өмір мен театр, бұл тұрғыда, антиподтар ретінде қызмет етеді, дәл осы екеуінің қарама-қайшылығы олардың араласуына мән үстеп, семиотикалық құндылық дарытады. Қалыпты жағдайдың белгілері жоқ. Бұл жынды мен ақымақтың арасындағы нүктенің жадағай жазықтығы. Жарылыстың да белгілері жоқ, дұрысы, ықтимал белгілердің тұтас кешенінен тұрады. Жеке мінез-құлық ретінде ол нормадан жырақтайды және бұл жағдайда ессіздік деп танылады: бұқаралық сипатқа ие болып, ақымақтыққа айналады.

Бұдан ессіздіктің кез келген формасы жеке мінез-құлық эксцессіне айналып, болжамдылық шегінен тыс болуы керек екені түсінікті. Жұмысын әртүрлі нормативтік мәтіндердің негізінде жүргізетін зерттеуші үйреншікті мінез-құлық осыған ұқсас қағидалардың дәлме-дәл орындалуын білдіреді деп ойлауға бейім.

Нақты мәтіндер теориялық модельдерді таза күйінде сирек көрсетеді. Әдетте, осы мінсіз құрылымдарды толықтай іске асырмайтын, белгілі бір межеде ғана ұйымдасатын динамикалық, өтпелі, құбылмалы нысандармен істес боламыз. Мұндай модельдер мәтінге қатысты басқа деңгейде жайғасады. Материалға үңіле қарайтын болсақ, бізді қызықтыратын ерте орта ғасырлардағы орыс мәтіндеріне қатаң жүйе тән екеніне және бұл жүйе басты ерекшеліктерімен басқа мәдени кезеңдердегі әлеуметтік құрылымдарға ұқсайтынына көз жеткіземіз.

Қоршаған әлемге салдары беймәлім оқиғалар баса көктеп кіреді. Мұндай оқиғалар әрі қарай жалғасын табатын бірқатар процестерге түрткі береді. Жарылыс кезеңі, жоғарыда атап өткендей, уақыттан жырақ болатын, одан уақыт осімен айналатын бір қарқынды қозғалыстың жаңа кезеңіне жол басталады. Дегенмен де, жарылыс басқа да оқиғалардың тұтас тізбегін тудырады. Бәрінен бұрын, оның нәтижесінде тең ықтималды салдарлардың тұтас тізбегі пайда болады. Олардың тек біреуі ғана жүзеге асып, тарихи дерекке айнала алады. Тарихи ақиқатқа айналған бұл бірліктің таңдалуын кездейсоқ жайт ретінде немесе бұл жүйеден тыс басқа да заңдылықтардың араласуының нәтижесі ретінде қарауға болады, яғни келешекте күндердің бір күнінде жүзеге асуы мүмкін, бірақ бұл құрылымның шеңберінде кездейсоқ жайт болып есептеледі. Сөйтіп, бұл жасырын жатқан жағдайдың жүзеге асуы басқа жағдайлар жинағының жүзеге аспауы ретінде сипатталуы ықтимал.

Олардың бірі жарылыстық емес, біртіндеп жүзеге асатын қозғалыспен дамиды процестермен байланысты. Бұны салыстырмалы түрде болжап білуге болады. Ал жарылыс салдарынан туындайтын процестер басқаша сипатқа ие. Мұнда жүзеге асқан әр оқиғаның төңірегін жүзеге аспаған оқиғалардың бұлты тұмшалайды дегуге болады. Шығар жолы басталайын деп келе жатып, мәңгілікке жоғалып кетеді. Қозғалыс жаңа оқиға ретінде ғана емес, сонымен қоса жаңа бағытта жүзеге асады. Мұндай амал кездейсоқ жайт жаңа әрі болжамсыз құбылыстың қайнар көзі болатын, тарихи, табиғатынан бірегей оқиғалар туралы сөз етілген кезде айқын көрініс табады.

Адамзаттың мәдени тарихында тың жаңалық болған керемет өнер туындысының авторы бала кезінде кездейсоқ апаттан қаза тапқанда, ол өнер туындысы жазылмас та еді, оның орнын ештеңе де толтыра алмас еді. Ватерлоо жанындағы шайқастың соңы немен аяқталатынын алдын ала айту мүмкін емес болды, сол сияқты Наполеон өмірге келген кезде, оның аман қалатынын не өлім құшатынын алдын ала айту беймәлім еді. Бірақ бұл деректердің орындалуы



тарихта жазылмай қалуы әбден мүмкін болған жаңа бетті ашты. Осы тұста әр оқиғаға екі көзқарас тұрғысынан қарауға болады. Сөйтіп, бір оқиғаны болжамды қатпарға да, жарылыс жапсарға да қосуға болады. Әрбір «ұлы» оқиға жаңа жолдарды ашып қана қоймай, сонымен бірге болашақтағы ықтималдықтардың бірсыпыра түйінін қиып тастайды. Мұны естен шығармайтын болсақ, осы үзілген жолдардың сипаты тарихшы үшін керексіз тақырыптар туралы қажет емес пайымдарға айналады.

Осы орайда тағы бір жайтты ескере кету қажет: әртүрлі, бірақ типологиялық жағынан ұқсас тарихи қозғалыстар, мысалы Еуропаның түрлі елдеріндегі романтизм қозғалысы не болмаса антифеодалдық революциялардың әртүрлі формалары, жарылыс кезеңінде әртүрлі жолдарды таңдауы мүмкін. Оларды салыстыра қарайтын болсақ, сол елде жарылыс салдары басқаша болғанда, онда келешекте не болар еді деген сауалға жауап аламыз. Бұл мәдениеттерді салыстырмалы зерттеуге мүлдем жаңа аспект береді: бір тарихи-ұлттық кеңістікте жоғалған жайт басқа кеңістікте жүзеге асуы мүмкін, ал оларды салыстыру тарихи таңдау басқаша болғанда, салдарында не болар еді деген сауалға қатысты пікірлерге мейлінше дәйекті сипат береді. Мысалы, Мәскеудегі жеңіліс тапқан бүлікке және Югославиядағы оқиғаларға салыстыра жүргізілген зерттеуде бір оқиғаның әртүрлі шешімдері туралы пікірлер бүлік жеңіліс таппағанда, не болатынын көрсетеді.

Әдет-ғұрып пен салт-дәстүр заңдарын ұстана өмір сүретін адам, жарылыс дәуірінің іскер кейіпкерінің көзқарасы бойынша ақымақ болып көрінеді, ал сол іскер кейіпкер, оппонентінің көзқарасы бойынша зұлым әрі арам болып көрінеді. Қазір осы бір-біріне қарама-қайшы кейіпкерлерден біртұтас тізбектің түйінін көру маңызды болып тұр.

Ғылыми жаңалықтар мен техникалық өнертабыстар дәуірін интеллектуалдық белсенділіктің екі кезеңі ретінде қарастыруға болады. Жаңалықтар интеллектуалдық жарылыс сипатына ие. Оларды өткен шақтан оқып білу және олардың салдарын болжап білу мүмкін емес. Бірақ жарылыстың ішкі қуатының шегі жетіп, таусылған кезде, оның орнын себеп-салдар тізбегі басады, яғни техника уақыты басталады. Логикалық өріс жарылыстан уақыты келіп жеткен, әлі пайдалануға болатын идеяларды өзіне алады. Ал қалғаны белгілі бір уақытқа дейін, тіпті кей кездері өте ұзақ уақытқа дейін бірте-бірте ұмытыла бастайды. Сөйтіп, ғылыми теория мен техникалық жетістіктердің алма-кезек даму кезеңдерінен болжамсыздық пен болжамдылық кезеңдерінің алма-кезек ауысымын көруге болады.